

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы" 2004 жылғы 30 наурыздағы N 97 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 9 тамыздағы N 183 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2010 жылғы 27 тамызда N 3049 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 285 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.12.2013 № 285 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Су кодексін, Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы" 2004 жылғы 30 наурыздағы N 97 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2640 тіркелген және 2004 жылғы 6 мамырдағы облыстық "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде N 54 санында жарияланған) төмендегідей өзгеріс енгізілсін:

"Облыс аумағындағы су қоймаларына іргелес жатқан су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ең тар ені" деген 1-қосымшасының 5-тармағындағы кестенің " Жағадан еңістігі (нөлдік еңіс)" деген бағанындағы:

"30" және "25" сандары тиісінше "35" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е. Ғ. С а л ы қ о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Ізмұхамбетов